

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 811.512.122; МҒТАР 16.21.65

<https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.101>М. МАЛБАҚОВ¹, М. БЕРДИЛЛАЕВА², Д. МАЛБАҚОВ³✉¹филология ғылымдарының докторы, профессорА. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: myrzabergen@mail.ru²Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: mendikyz07@mail.ru³Нархоз Университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: darkhan.malbakov@narхоз.kzВ.В. РАДЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНЕН АЛЫНҒАН ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ
ҚАРА МАЛ АТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің мақсаты – әлемдік түркітанымның негізін қалаған ғалымдардың бірінен саналатын академик В.В. Радловтың еңбектеріндегі қара малға (түйе, сиыр, қой-ешкі) қатысты атаулар туралы ой-пікірлерін заманауи отандық тіл білімі тұрғысынан зерделеу. Зерттеуде басты дереккөзі ретінде алынатын жұмыстар – ғалымның ХІХ ғасырда жазылған «Опыт словаря тюркских наречий» атты көптомдық сөздігі мен «Die Haustiere der Kirgisen» («Қазақтардың малдары») атаулы ғылыми зерттеу еңбегі. Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары ретінде лексикология, лексикография және этнолингвистика алынып отыр. Зерттеудің басты идеясы – өткен тарихи кезеңдегі жұмыстарда нақты тақырыптық топ құрамына кіретін атауларды талдау жолымен қазақ лексикасының қамтылу дәрежесін айқындау. Тақырыптық топқа бөліп талдау барысында автордың қазақ тілі лексикасын қаншалықты толыққанды қамти алғандығы, дереккөз ретінде пайдаланылып отырған жұмыстардың ғылыми маңыздылық дәрежесі анықталады. В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігі мен қазақтардың малдарын зерттеуге арналған аса көлемді, бағдарламалық мақаласы қазақ тілі лексикасының қамтылуы және ғылыми тұрғыдан сипатталу дәрежесі жағынан ХІХ ғасырда жарық көрген түркітанымдық еңбектердің ішіндегі ең озық туындылар саналады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы еңбектің осы ғылыми құндылығына тікелей байланысты. Еуропаның ең таңдаулы білім ордаларында тілтанымдық білім алып, түркі тілдерін зерттеу бойынша ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар кезінде ұланғайыр тілдік материалдарды жинақтап, оларды біліктілікпен игере білген ғалымның ауызекі айтылым негізінде жазып алған сөздеріне талдау жасау – зерттеудің практикалық құндылығын құрайды. Өткен

Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**Малбақов М., Бердилаева М., Малбақов Д. В.В. Радлов еңбектерінен алынған қазақ лексикасы құрамындағы қара мал атаулары туралы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №4 (134). – Б. 7–20. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.101>Cite us correctly:**Malbaqov M., Berdillaeva M., Malbaqov D. V.V. Radlov enbekterinen alyngan qazaq leksikasy quramyndagy qara mal ataulary turaly [About the Names of Ruminant Animals in the Kazakh Vocabulary of V.V. Radlov's Dictionary] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №4 (134). – B. 7–20. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.101>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.06.2024 / қабылданған күні 30.12.2024

ғасырларда жасалған аса маңызды дереккөздер құрамында берілген қазақ сөздерін зерделеу барысында зерттеудің жинақтау, сипаттама жасау, синхронды және диахронды деңгейлерде салыстыру, тіларалық салғастыру, этнолингвистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Жүргізіліп отырған зерттеудің қазақ тілінің өткен ғасырлардағы тарихын зерделеуде, нақты тарихи кезеңдегі қазақ лексикасының сипатын ашуда құндылығы жоғары. Демек, осы жұмыстың практикалық мәні зор, тіл тарихы, тарихи лексикография салаларына белгілі дәрежеде үлес қосатындығы айқын.

Кілт сөздер: сөздік, тарихи сөздік, лексикалық құрам, лексикография, этнолингвистика, тіл тарихы, тақырыптық топ.

M. Malbakov¹, M. Berdillaeva², D. Malbakov³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor

Chief Researcher of Institute of Linguistics named after. A. Baytursynov

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: myrzabergen@mail.ru

²Senior Lecturer of Kazakh Academy of Sports and Tourism

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: mendikyz07@mail.ru

³Senior Lecturer of NarXoz University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: darkhan.malbakov@narxoz.kz

About the Names of Ruminant Animals in the Kazakh Vocabulary of V.V. Radlov's Dictionary

Abstract. The purpose of the proposed study is to study ideas about the names of ruminant animals (camel, cow, sheep-goat) in the works of one of the scientists who founded world turkology - academician V.V. Radlov, from the point of view of modern domestic linguistics. The scientist's multi-volume dictionary "The Experience of a Dictionary of Turkic Dialects" written in the 19th century, and the research work "Die Haustihere der Kirgisen" ("Cattle of the Kazakhs") were taken as the main source of data in the study. Lexicology, lexicography and ethnolinguistics are taken as the main directions of research work. The main idea of the study is to determine the extent of coverage of Kazakh vocabulary by analyzing the names included in a specific thematic group in the works of the past historical period. During the thematic group analysis, it is determined to what extent the author managed to cover the vocabulary of the Kazakh language, as well as the degree of scientific significance of the works used as sources. Dictionary of V.V. Radlov's "The Experience of a dictionary of Turkic dialects", as well as an extensive programmatic article devoted to the study of Kazakh livestock breeding, are considered the most advanced works of Turkology published in the 19th century in terms of the scope of the vocabulary of the Kazakh language and the degree of scientific description. The scientific significance of the work is directly related to this scientific value of the work. The practical value of the research lies in the analysis and collection of words by scientist who received linguistic education in the most advanced educational institutions in Europe, who collected ancient language materials during scientific expeditions organized to study Turkic languages, and who managed to master them competently. When studying Kazakh words contained in the most important sources created in past centuries, research methods of collection, description, comparison at the synchronous and diachronic levels, interlingual comparison, and ethnolinguistic analysis were used. The research carried out is of great importance in studying the history of the Kazakh language of past centuries, in revealing the nature of Kazakh vocabulary in a specific historical period. Thus, it is clear that this work is of great practical importance and makes a contribution to the history of language and historical lexicography.

Keywords: dictionary, historical dictionary, lexical composition, lexicography, ethnolinguistics, history of language, thematic group.

М. Малбаков¹, М. Бердиллаева², Д. Малбаков³

¹доктор филологических наук, профессор,
главный научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: myrzabergen@mail.ru

²старший преподаватель Казахской академии спорта и туризма
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: mendikyz07@mail.ru

³старший преподаватель Университета Нархоз
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: darkhan.malbakov@narhoz.kz

О названиях жвачных животных в составе казахской лексики словаря В.В. Радлова

Аннотация. Целью предлагаемого научного исследования является изучение суждений о наименованиях жвачных животных (верблюда, коровы, овцы-козы) в трудах одного из основоположников мировой тюркологии академика В.В. Радлова с позиций современного отечественного языкознания. В качестве основного источника данных в исследовании взяты многотомный словарь ученого «Опыт словаря тюркских наречий», написанный в XIX веке, и научно-исследовательский труд «Die Haustierte der Kirgisen» («Скот казахов»). Основными направлениями исследовательской работы являются лексикология, лексикография и этнолингвистика. Основная идея исследования заключается в определении степени охвата казахской лексики путем анализа наименований, входящих в состав конкретной тематической группы, в трудах прошедшего исторического периода. В ходе анализа и классификации на тематические группы определяется, насколько автору удалось охватить лексику казахского языка, а также степень научной значимости используемых в качестве источников работ. По охвату лексики казахского языка и степени научного описания словарь В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий», а также его обширная программная статья, посвященная изучению казахского животноводства, считаются одними из самых передовых произведений в тюркологии XIX века. Научная значимость работы напрямую связана с этой научной ценностью работы. Практическая ценность исследования заключается в том, что сбор слов казахского языка и их языковой анализ осуществлен выдающимся ученым, получившим лингвистическое образование в самых престижных учебных заведениях Европы, а также собственноручно проводившего полевые исследования по сбору слов устной речи во время научных экспедиций, организованных для изучения тюркских языков. При изучении казахских слов, содержащихся в важнейших источниках, созданных в прошлые столетия, использовались исследовательские методы сбора, описания, сравнения на синхронном и диахронном уровнях, межъязыкового сопоставления, этнолингвистического анализа. Проводимые исследования имеют большое значение в изучении истории казахского языка прошлых веков, в раскрытии характера казахской лексики в конкретный исторический период. Таким образом, очевидно, что эта работа имеет большое практическое значение, вносит вклад в историю языка и историческую лексикографию.

Ключевые слова: словарь, исторический словарь, лексический состав, лексикография, этнолингвистика, история языка, тематическая группа.

Кіріспе

1860–70 жылдары қазақ даласына ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар кезінде қазақ халқының болмысын, тіршілік ерекшеліктерін жете зерттеген ғалым көшпелі тұрмыс жасайтын елдің өмірінде үй жануарларының қаншалықты зор рөл атқаратынын байқап, өз жұмыстарында олар туралы мол деректер берген. Сол кезеңде түркі тілдерінде сөйлейтін ірілі-уақты халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың бай лексикалық мұрасын мүмкіндігінше толық қамтуға тырысқан. Осыған байланысты жалпытүркілік сөздікте қазақ лексикасы

құрамындағы төрт түлік мал атаулары да (жылқы, түйе, сиыр, қой-ешкі) өте көлемді және жан-жақты қарастырылған. Әр малдың түрлері, олардың аурулары, сол малға қатысты құрал-жабдықтардың атаулары көп-ақ. Солардың ішінде, әсіресе, қара мал атауларына қатысты этнографиялық материал ерекше мол ұшырасады. Мұның өзі біздің қазақ тіліндегі қара мал атауларын жеке мақалада арнайы қарастыруымызға себеп болды. Осы мақалада қазақ тіліндегі қара мал атауларына қатысты сөздер жеке тақырыптық топ ретінде алынып, осы негізде ғылыми сипаттама жасалады. Бұл мәселенің тақырыптық топтар бойынша болашақта жүргізілетін ғылыми зерттеулер үшін маңызды екендігі даусыз.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Академик В.В.Радловтың XIX ғасырда жалпытүркілік сала бойынша жазылған сегіз кітаптан тұратын «Опыт словаря тюркских наречий» атты төрт томдық сөздігі [1] мен «Die Haustiere der Kirgisen» («Қазақтардың малдары») атаулы көлемді мақаласы [2] осы жұмыстың басты зерттеу материалдары болып отыр. Мұның өзі нақты тарихи дәуірдегі, яғни XIX ғасырдағы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты атаулардың лексикографиялану ерекшеліктерін айқындауға, олардың мән-мағынасының тарихи лексикографиялық, этнолингвистикалық қырлардан толыққанды ашылуына әкеледі. Ғылыми-практикалық тұрғыдан зерттеу барысында сөздерді тақырыптық топтарға бөліп іріктеу, құрылымдық жақтан жүйелеу, салааралық реттеу, сипаттама жасау, семантикалық тұрғыдан топтастыру, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Сөздік 1888 жылдан 1911 жылға дейін үш тілде (түркіше-орысша-немісше) 70 мың сөзді қамти отырып, 24 басылымда жарық көрген үлкен көлемді туындылар қатарына жатады. Аталған еңбекте ғалым 40-тан астам түркі тілдерінің материалын мүмкіндігінше толық қамтуға тырысқан. Еңбектің алғашқы томының алғашқы кітабы [3] шыққан кезден бастап, бұл жұмыстың барлық түркі тілдері бойынша сүбелі еңбекке айналары белгілі болды. Оның үстіне, 1871 жылы Берлин қаласындағы «Этнология журналында» жарияланған ғалымның «Die Haustiere der Kirgisen» («Қазақтардың малдары») атты бағдарламалық мақаласында жан-жақты этнолингвистикалық талдау жасалады. Бұл да ғылыми жұртшылықтың назарынан тысқары жатқан еңбектердің бірі болғандықтан, екі еңбекті ұштастыра отырып, тақырыпты толыққанды ашуға талпыныс жасалды. Жалпы В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ және түркі тілдерінің лексикасы туралы ғылыми зерттеулер соңғы жылдары көп жүргізіліп келеді. Олардың қатарында қырғызстандық ғалымдар С. Мусаев пен С. Садыкованың мақалаларын [4],[5], сондай-ақ, Алматылық ғалымдар С. Құлманов пен Г. Бүркітбайдың [6] және Г. Мамырбектің [7] жұмыстарын атауға болады. Бұл еңбектер ғалымның өз сөздігінде қамтыған түркі тілдері лексикасын алуан түрлі қырларынан көрсетеді. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздері арасында әсіресе мал атаулары, жалпы мал шаруашылығына байланысты атаулар көп. Біз осы мақалада сол мал атаулары туралы сөз етпекшіміз.

Талдау мен нәтижелер

«Мал» – тілімізге араб тілінен енген кірме сөз. Түп төркіні «дүние-мүлік, байлық» дегенге саяды: « Мал - (пар. мал مال) 1. Байлық. Дүние-мал – байлық. Ләззаты бұ дүниенің табылған соң, Мен бездім ғашықтықпен дүние-малдан [8; 9]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: МАЛ - з а т. 1. Төрт түлік үй жануарлары. Бес түлік асыл м а л ы м бар. Есеп жетпес кенім бар, Толқыған теңіз, көлім бар, Адаспас ұлы жолым бар, Көзім тойды көрмеге, Көңілім тойды әрнеге (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). М а л ы ң күйлі болса, Бақташың сыйлы болады (Мақал). Атайдың үйінің бар м а л ы сыңар емшек кәрі шұбар сиыр мен екі лақты ешкі (З. Ақышев, Ақбел.). Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан м а л күйлі, бие ішті

болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді (М.Дулатов. Шығ.). М а л сауған қатындар, бие ағытқан қыз-келіншектер, асыр салған балалар мен ауыл іші базардай қайнап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). 2. Жылқы. М а л жақсы жылқы деген күзеткенге, Қисық тал сымдай болар түзеткенде. Тықыршып бәйгі атындай тұра алмаймын, Сусылдап жел жағымнан қыз өткенде (Қара өлең). 3. Сиыр, сауын мал. Үш жүз аттың бәрін де Қоңырбай қарап көреді. Көріп тұрып айтады: «Аққұла тұлпар кімдікі? Малдан біткен мал емес, Желден біткен м а л екен (К. Әзірбаев, Танд. шығ.). 4. а у ы с. Табыс, дүние, мүлік, дәулет. «Ақтабан шұбырынды» замандағы Болып тұр осы кезде соған таяу. Мінбейтін шабан атқа мырзалардың, Қайғы емес шоқайына кірген сояу, М а л, мансап қадақтағы екі нәрсе Секілді болып кетті оңғақ бояу (Ө. Найманбаев, Шығ.). Еңбексіз тапқан м а л есепсіз кетер (Мақал). Жақсылық бір жаққа барып, еңбек қылып м а л табамын десе, бай өз шаруасының бір керегіне жаратам деп босатпай қоятын (М. Әуезов, Қараш.). Тыныш жатып, көзін сатып біреуден тіленбай, жанын қарманып, адал еңбекпен м а л іздемек, ол арлы адамның ісі (Абай, Тол. жин.). Орысша оқу керек, хикмет те, м а л да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор (Абай, Тол. жин.). 5. а у ы с. Надан, топас, милау кісі. Бәрімізді м а л ғ а санады. Жұрт көзінше ішкілікке салынды, семьясын бұзды, бейқамдық жасады (Е. Оразақов, Дәрігер.). Мұны естіп Амангелді айқай салды, Қоныстас бар кедейді жиып алды, Кедейдің кереметін көрсін деді, Шіреніп үйде жатқан Бектас м а л д ы (О. Шипин, Дастан.). 6. Бір нәрсенің пұлы, төлемі; қалыңмал. Баймағамбет сөйледі: – Өй деп таспа, батырым! Зылиқа – менің м а л беріп Сатып алған қатыным (О. Шипин, Дастан.). Қыздың берген жауабы: – Құдай не үшін жаратқан, Емес пе екен қыз пенде? Мен жыламай қайтейін, Сақал-мұрты қуарған, Көз жанары суалған Баймағамбет деген шал Айттырып мені м а л берді (О. Шипин, Дастан.) – түрінде берілген [10, 29–30-бб.].

Түсіндірме сөздіктегі бірінші мағынада малдың «төрт түлік үй жануарлары» екендігі айтылған. Бұл қазақ тұрмысы үшін дәл айтылған анықтама. Екінші мағынада мал сөзі «жылқы» мағынасында беріледі. Яғни халық тілінде жылқы малын жалпылама «мал» атауымен атаудың да орын алғандығы айқындалып отыр. Ол қазіргі қазақ тіліндегі мысалдармен айқын дәлелденіп отыр. Дәл осыған ұқсас ойды В.В. Радлов та білдіреді. Ол: «Қазақ жылқысы (ҚАЗАҚ МАЛ) орыс шаруаларының аттарынан (мәстектерден) ірі емес, тұрқы орташа болып келеді. Жалпы қазақ жылқысы басқа халықтардың жылқыларынан ерекше, айрықша тұқым құрайды... – деп жазады [11, 146-б.]. В.В. Радлов қазақ даласында экспедицияда жүріп, ел аузынан осы сөзді жазып алған. Яғни ғалым құрастырған түркі тілдерінің сөздігі арқылы ХІХ ғасырдағы қазақтардың ауызекі тілінен «қазақ мал» деген тіркес бізге жетіп отыр. Түсіндірме сөздіктегі жоғарыда келтірілген үшінші мағына (3. Сиыр, сауын мал. Үш жүз аттың бәрін де Қоңырбай қарап көреді. Көріп тұрып айтады: «Аққұла тұлпар кімдікі? Малдан біткен мал емес, Желден біткен м а л екен (К. Әзірбаев, Танд. шығ.) дәл емес тәрізді. Бұл жердегі келтірілген мысалдан «сиыр» туралы мәлімет ала алмаймыз. Бұл жерде жалпы мағынадағы мал туралы айтыла отырып, «Желден біткен м а л екен» дегенде, жоғарыда Радловта келтірілгендей, «қазақ мал» туралы меңзеу бар.

«Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздіктегі «мал» сөзіне берілген анықтамадан қазақ тілінде оның екі түрі болатынына көз жеткіземіз: «мал (1) (зат) 2) скот: *кара мал* – верблюды, коровы и овцы; *ак мал* – лошади» [12]. Малдың дәл осындай екі түрін түсіндірме сөздік те көрсетеді: Ақ мал. Қыс түскенде де тұяғымен қар астындағы шөпті қазып, жайыла беретін жылқы малы. Төртінші жауһар – қанағат, А қ м а л ы ң д ы алдырма – Сұқаншы ғайбат шұғылға! (О. Шораяқов, Шайыр.) [10, 30]; Қара мал [ірі қара мал]. Аша тұяқты ірі мал, сиыр. В, витамині қара нанда, қ а р а м а л д ы ң бауыр етінде көп болады (Т. Дарқанбаев, Витамин.). Қазақтың машина сынау станциясының тәжірибе шаруашылығы сүт беретін і р і қ а р а м а л д ы жыл бойына күтіп бағудың жаңа тәсілін меңгерді (Т. Дарқанбаев, Витамин.) [10, 31-б.]. Бірақ, бұл жерде тек қана ірі қара мал туралы

айтылған. Қара малдың басқа түрлері туралы сөз жоқ. Алайда, қара малдың басқа да түрлері бар екендігін жоғарыда келтірілген мысалдың біреуінен байқаймыз. Онда ірі қара мал туралы сөз болады. Бұл «ірі емес» қара малдың да болатынын меңзейді. Радлов сөздігі қазақ малының төрт түлік болатынын да тіркеген: «**түйлік** (зат) *tört tülük mal* – «четыре рода скота». Бергі қазақы түсінікте төрт түлік мал дегеніміз – жылқы, түйе, сиыр және қой-ешкі. В.В. Радлов осыны көрсетіп отыр. Ал арғы қазақы түсінікте – жылқы, түйе, қой, ешкі. Себебі, көшпелі тұрмыс кешетін қазақ халқында бұрынғы замандарда сиыр болмаған. Ол жатақ халықтардың малы саналатын. Зерттеушілер де бұрын сиыр малының болмағанын, оны қазақтардың қалмақтар мен қарақалпақтардан алғанын хабарлайды.

Өзінің «Die Haustiere der Kirgisen» (қазақтардың малдары) атты еңбегінде В.В. Радлов ең алдымен қой малы туралы сөз етеді. Қазақ халқы үшін ерекше маңызды түліктердің бірі болуы себепті ғалымның қой туралы жазғандарына кеңірек тоқталамыз: «Қой. Қазақ даласына кең тараған қой тұқымы – құйрықты қой. Бұл тұқым орыс және қалмақ қойларынан ерекшеленіп – «қазақы қой» делінеді. Бойы бір кез, көлденеңі бір жарым кезге жететіндіктен, орыс қойынан ірілеу келеді. Қазақы қойдың жүні қалың болатын себепті терісінен жасалған тон сүйкімсіз болып саналады. Қара жүнді қойлар сирек ұшырасады. Ақ қойлар біршама көп. Негізінен басым көпшілігі сарғыш қоңыр түсті болып келеді. Бас сүйегі орыстардікіне қарағанда өзгешелеу, кеңірігі дөңес әрі жіңішкелеу... Қазақ қойының ерекше жағы – құйрық майы. Қойдың қозы кезінде-ақ құйымшақ сүйегінің астында жіктелген қалың екі қатпар жігі болады. Ересек қойдың құйрық майының салмағы бір пұтқа дейін жетеді. Осынша құйрықпен қозғалу қиындап, тірсектері бүгіліп кететіндіктен, қозғалуына көмек ретінде құйрық астына кішкене екі доңғалақты арбаша байланады. Бұл кезді – ҚОЙ ШАУЛАНДЫ дейді. Қой етінің жалпы салмағы 50 қадақтан аспайтын себепті, бір пұт құйрық - таң қалдырмай қоймайды. Бастиан мырзаның айтуы бойынша, «Сатып алушы орыстар қазақ қойларын өз қойларымен бірге бақса, қазақ қойларының құйрық майы жойылып кетеді» дейді. Бұл, әрине, бекер. Жат жерде құйрық майының жойылуы өте сирек. Ал, басқа жерден келген қой тұқымдарына құйрық біте бастайтыны анық. Құлынды даласында қазақ қойлары орыс қойларымен бірге жайылады. Егер отарда орыс қойының қошқары болса, онда қозылардың құйрықтары кішірейе береді де үш ұрпақ ауысқанда барып жойылады. Егер отарда қазақ қошқары болса, онда бірте-бірте құйрық үлкендейді. Ыстықкөл жағалауында болғанымда, қазақ пен маңғол қойлары бір жайылса да, әр тұқымның өз түрін сақтайтындығын көрдім...

Қазақтар түліктің бұл түрін – ҚОЙ десе, отардың көсемін – ҚОШҚАР дейді. Жынысына қарай: ту қой, еркек қой десе, жаңа туғанды – қозы дейді (негізінен наурыз айында туады). Төлдеуді – «қой қоздады» дейді. Егер төл мерзімінен ерте не кеш қоздаса «қой арамза қоздады» дейді. Қозыларды күзден көктемге дейін, яғни 7–8 айлығынан бастап 13–14 айлығына дейін «тоқты» дейді. Екі жаста – «ісек қой», үш жаста – «құнан қой», төрт жаста – «дөнен қой», бес жаста – «бесті қой» дейді. Піштіруді «қойды тарттырып жіберді» дейді. Аналық қойды сатып алу кезінде жас шамасын төлдеу санына қарай айырады. Мысалы, төрт жасты – үш қоздаған қой, бес жаста – төрт қоздаған қой дейді. Қойды отар-отар қылып бағады. Ауыл кедейлері өз малдарын көбіне бірігіп бағады. Онша бай емес, ауқатты қазақтардың қой-ешкілерін бағатын қойшылар, әдетте балалар болатын... Қысы-жазы қой, жоғарыда айтылғандай, отарда бағылады. Күйек мәселесін қозғасақ, даланың солтүстік бөлігінде жүз саулыққа шамамен екі қошқардан келетінін айтуға болады. Қазақ қойлары жылына бір-ақ рет төлдейтін болғандықтан қошқарлардың саны аз болады. Қазақтар мал азығы қорын аз жинайтындықтан қыс кезінде қойлар өз аяғымен шығады. Қыс қатты, тебінді нашар болатындықтан қошқарлар күйекке ерте түспес үшін оларға күйек байлап қояды да, бірнеше айларға дейін алмайды. Оңтүстік өлкелерде, яғни Іле, Талас өзендерінің бойында қыс жылы болатындықтан, жүз саулыққа 4–5 қошқардан келеді.

Көктемде, саулықтар төлдегеннен кейін бірнеше күн үй маңында болады. Кейін саулықтар өріске жіберіледі де қозылар үйде қалдырылады. Бірнеше аптадан кейін қозыларды жинап, бөлек бағады. Қыс кезінде қойларды үшке бөліп: саулықтарды бір бөлек, қошқарларды бір бөлек, қозыларды бір бөлек ұстайды. Таң бозарып келе жатқаннан-ақ малды өріске айдайды да түс кезінде қайырады, түс ауа қайта өргізіп, қас қарая үйге әкеледі. Үй жанындағы қатар-қатар қазылған қазықтарға көгенді керіп, саулық қойды айқастырып көгендейді, қозыларды қозы көгендерге, ал ересек қозыларды көгенге қосақтайды. Сауын қойларды күніне екі рет, яғни түсте бір кешке бір рет сауып алады. Әдетте бір көгендегі қойды екі әйел – бірі оң қатарын, бірі сол қатарын сауады. Қой сауатын ағаш шелекті саулықтың артқы екі аяғының арасына қояды да артынан сауады. Егер қой сүт бермесе сауыншы сол жұдырығымен желінге ұрып сүт алады... Төрт ай сауылатын қой соңғы айда сүтті аз береді. Күз кезінде негізінен кеш төлдеген – КЕНЖЕ ҚОЗДАҒАН ҚОЙЛАР сауылады. Сауыннан кейін төлдерді жамыратып, олар толық еміп, тауысады (қозы жамырайды). Жас төлдерге арнайы шөп жиналып, қыстан күтімді, күйлі шығуларына жағдай жасалады. Олар үшін мал қоралар тұрғызылады. Орыстармен қоныстас, көрші тұратын қазақтар қозы, бұзауларға сарайды ағаштан салады. Ал, дала қазақтары жертөлелер жасайды. Қой жазда екі рет суарылатын болса, қыста қар қарбып, шөл басады. Қой үшін жақсы жайылым «ашқылтым жерлер», шөп ішінде көкпек пен жусан. Ашық, жылы күзде қойларды көлге не жақын тоғанға апарып, екі рет әрлі-берлі жүздіріп өткізеді (суда тоғытады). Бұл жүнді тазарту үшін істелетін шара. Тоғыттан кейін үйдің жанына айдап әкеліп қырқады. Қырқынға майталман қырықтықшылар шақырылады. Олар өте жақсы қарсы алынып, күтіледі. Өрі қырқылған жүннен үлес алады. Қойлардың төрт аяғын байлап, үлкен темір қайшылармен, қырықтықтармен қырқады. Қырку бауырдан басталады. Жақсы қырықтықшы қашан қойды түгел қырқып болғанша қырықтығын тоқтатпайды. Жүнді басында түр-түсіне айырмай, бір жерге үйіп тастай береді. Қой жайлы осындай мағлұматтарды айтып өткен соң, қазақтардың қойдан өндіретін өнімдері жайлы баяндауға кіріскім келеді.

1. СҮТ. Сүт толы сауын шелектерді үй ішіндегі ысталған үлкен тері торсықтарға (саба) құяды. Бұл үйдің оң жақ керегесінде, есікке жақын байлаулы тұрады. Сабаға шамамен 4–6 шелек сүт құйылады. Содан кейін жаңа сауылған қойдың сүті кішкене қазанға құйылып, әлсіз отта қайнатылады. Сүт ысыған кезде оған шамалап ашыған сүттен (айран) құяды да қайнатады. Содан кейін сарысуын құйып алып, жаңа іркітті ыдысқа салады. Сарысуды және бір рет отқа қойып, қайнатып, қайнаған күйінде сүт толы сабаға құяды... Піспекті сабаға салып, сабаның аузын қыл арқанмен байлайды. Содан кейін сабадағы сүтті бір сағаттай піседі де ақырын ашып қарайды. Егер бетіне май жиналғанына көзі жетсе піспекті алып қойып, сабаны қайтадан байлап, ағаш кесенің түбімен сыртынан соққылайды. Бұл әрекет майдың қойылуы үшін жасалады. Май әбден қойылып, қатайған соң сабаны ашып, әйелдер жеңдерін иыққа дейін сыбанады да майды қолмен алып ағаш ыдысқа – АСТАУ-ға салады. Майды қамыс шыбықпен сапырылыстырып отырып, сонымен ірі қыл, шөп, т.б. алып тастайды. Аз ғана майды алып, керегелердің басына жағады, «тілектес боп тұрсын» деп. Отбасының әрбір мүшесіне, әрбір кірген көршілес адамдарға сол қолдарына салып, май береді. Алған адам екі қолына кезек салып, жалап тауысады. Аталған сый біткен соң май тұздалып, қойдың қарнына салынады... Үйдің жанынан көлденеңі жарты аршын, ұзындығы 4–5 аршын жер қазылып, жерошақ орнатылады. Ошаққа екіден төртке дейін қазан қойылып, сол қазандарға сабадағы сарысу аралас іркітті құяды. Қазандар астына от жағылып (қызметші алдын ала арбаға тиеп немесе бірнеше түйеге артып құрғақ тезек әкеледі), қызметші әйел қазан қамына кіріседі. Қазанда көбік пайда болған кезде, қызметші әйел қолына алып, көрсетпей жалайды. Егер үй иесінің әйелі көріп қалса: «Құрттың маңызы кетеді, жалама» деп айқайлайды. Іркіт қайнай бастағаннан-ақ қызметшілер ұзын сапты кішкене темір қалақпен (қалақ темір немесе былғауыш) қазандағы сүзбені аударыстырып

отырады. Мұндай іс көп ақыл-ой жұмысын қажет етпейтін себепті жалшы әйел көбін таяқты кеудесіне қойып, ілгерілі-кейінді теңселіп, қалғып отырып істей береді. Құртты өте ұзақ қайнатады (былғауышпен аударыстыру әбден қиындап, тоқталғанға дейін). Содан кейін сүзбені ағаш астауға салып, бір күн, бір түнге қалдырады. Келесі күні бар сарысуы ағып таусылған соң сүзбені түйе жүнінен тоқылған қапқа салып шаңыраққа іліп қояды. Содан соң ғана сүзбеден кішкене домалақ құрттар жасап, таза ауада ши үстіне жайып қояды. Аптап кезінде құрт 3 күн кептіріледі де, мамыражай күндері бір жетідей жатады. Құрт қысқы қордың маңызды бөлшегі болып саналады. Құрттан басқа қой сүтінен ірімшік жасалады. Оны жасау үшін үйде жас бұзаудың кептірілген қарны (мәйек) болу керек. Ірімшік қайнату үшін сүтті қазанға құйып, оған мәйек салады. Қазанды бір қалыпты отта қыздырады. Бір сағаттай уақыт өткен соң мәйекті алып қояды. Сүтті де қайнаған соң оттан алады. Бұл сүт өте тез іриді. Жаңа іріген сүт қазақша «ақ ірімшік» деп аталады. Оны тек қана жылы кезінде жейді. Сосын ақ ірімшік бар қазанды қайта отқа қойып қайнатады. Сарысуын алып тастайды. Күйе бастаған кезде түйір-түйірімен қазаннан алып шидің үстіне кептіреді. Бұл сары ірімшік деп аталады. Құрттың дәмі Европа адамының таңдайына жайсыз, ащы, қышқыл сезіледі. Құрт суға тез жіби қоймайды. Қазақтар оны сүт орнына езіп ішеді. Ірімшік ондай емес, құрғақ кезінде өте дәмді, тіпті тәтті, шай ішкенде тіске басу үшін беріледі. Қонаққа келген әйелдерді ірімшік пен май беріп сыйлайды. Егер әйелдер бір жаққа қыдыратын болса (әдетте, асқа барғанда), сыйлық ретінде құрт пен ірімшік ала шығады. Жақсы дайындалған ірімшік – жақсы әйелдің белгісі. Ірімшікті сирек болса да сиыр сүтінен де жасайды. Айран қой сүтінен сирек ұйытылады. Малы аз адамдар сиыр сүті мен қой сүтін бір сабаға құяды.

2. ЕТ пен МАЙ. Қоздамайтын кәрі қойларды басқа сойыс малдарымен бірге қыстың басында соғымға сояды. Құйрықты бөліп алып, білем-білемдеп тіледі. Үлкен құйрықтарды шамамен 20 білемге тіледі. Бұл білемдерді тұздап, еріткен майдың ішіне салып сақтайды. Оны үйге келген қонаққа дәмді тағам ретінде береді. Әдетте қойды мейрам күндері, не сыйлы қонақ келгенде сояды. Сойылған қойды «қонақ асы» дейді. Бұл етті бір не екі асқанда жеп тауысады. Себебі етке көрші-көлем түгел келіп, өз сыбағаларын жейді. Сояр кезде қойды үйге әкеліп, қонақтың батасын алады. Сосын сыртқа шығарып бауыздайды. Жіліктеп болған соң өкпесі мен қан-жынын итке тастайды. «Өкпе ас емес» дейді қазақ мақалы. Ет, жүрек, қарын қазанға салынып қайнатылады. Ал, бас пен төстік оның алдында отқа үйітіледі. Үйітілген соң басты тазалап, қазанға салады. Қайнап жатқан кезде көбігін алып тастап отырады. Ет піскен соң жаурын, омыртқалар, сүбе қабырға, ортан жілік, тоқпан жілік, құйрық май салынып жасалған табақ қонақтың алдына тартылады. Қонақ қолын жуып болған соң, табақтағы етті сүйектен ажыратып, сорпаға салады. Ет жеуге дайын болған соң қонақ үй иесіне қарап: «Ас иесімен тәтті, асқа келіңіз!» дейді. Үй иесі «Алла разы болсын, ризамыз, ала беріңіз!» – деп жауап береді. Алайда қонақ оған қарамай, сүбе қабырғадан үлкен жапырақ ет алып үй иесіне асатады. Үй иесінің әйеліне ыдысқа салып береді. Содан кейін қонақтың шақыруымен үй иесі табақтас болады. Етті ұсақтап турап, маймен араластырып болған соң қонақ үй ішіндегі басқа адамға асатады. Ол асатқан кезде етті әркімге үш жапырақтан артық асатпауға тиіс. Асаған адам етті бірден жұтып қоймаса, асатушы ренжиді. Тосын рәсім. Осыған байланысты мынаны айта кеткім келеді: егер асатушы етті үш жапырақтан көп асатып, немесе ішінде сүйек кетіп, соның нәтижесінде асаушы өлсе, асатушы толық құн (жүз жылқы) төлейді. Еттен кейін сорпа таратылады. Еттен аздап кесіп, бауыр мен құйрық май қосып қуырылған тағамды қазақтар «қуырдақ» дейді. Төстік ыстық отта қақталып пісіріледі. Сый біткен соң қонақ бата жасайды.

3. ЖҮН. Қойдың бәрі қырқылып болған соң әйелдер, жас қыздар мен жасөспірім балалар жиналып жүн сабайды. Ол үшін жүнді сиыр терісінен жасалған тулаққа салып әрқайсысы екі сабаудан алып, айнала отырады да кейде әндетіп отырып, белгілі бір ырғақпен кезек-кезек ұрып отырады. Осыдан кейін ұзындығы 4–7 аршындай, өзара байланған екі ши

жайылып, оның үстіне жүн екі қабат етіп жайылады. Төменгі жағына қоңырқай жүн салынса, бетіне ақшыл жүн салынады. Жүнге су бүркіледі. Енді шимен бірге дөңгелете орап, шиыршықтап, сыртынан ат қылынан жасалған арқанмен мықтап матап байлайды. 10 адам оң жағына, 10 адам сол жағына тұрып алып, екі жақ кезектесіп тепкілейді. Бұл шамамен бір жарым сағатқа созылады. Болған соң орау шешіліп, киіз жайылады. Әйелдер жеңдерін түріп тізерлеп отырып, алма кезек аударыстырып басады. Бұл жұмыс шамамен үш сағатқа созылады. Одан кейін киіздің жиектері қарпылып тігіліп, айнала отырып әрлі-берлі тартылады. Сол кезде киіз аз-маз қатайып, тігілген жіптер созылады. Енді киізді кептіруге жайып қояды.

Үйге жабылатын киіздер негізінен осылай дайындалады. Ешқандай ою-өрнегі жоқ мұндай киіздер төсеніш ретінде өте сирек қолданылады.

Қазақтардың киіз-кілемдері төмендегідей.

1. Қарапайым киіз. Әлі жұмсақ, қатпаған кезінде үстіңгі бетіне түрлі-түсті бояулы өрнектер салынады.

2. Өте әсем ақ киіздер. Бұл киіздер бір түсті, таңдаулы, ұлпа жүннен басылады.

3. Боялған өте майда жүнді, жұмсақ киіздер.

4. Алуан түсті өрнектер сырылған – сырмақ киіздер. Өр жасаған сайын мұндай киіздің екеуін жасайды да олар қатар ілінгенде өте әсем көрінеді. Көбіне сырмақтардың өзін де әдемі жіптермен өрнектейді. Киізді ешкі жүнінен істелген түрлі-түсті шашақтармен көмкереді.

5. Сырылған бір түсті киіздер.

6. Сырылған, қой жүнінен жасалған алуан түрлі шашақ тағылған киіз.

Жүнді көбіне өсімдік тектес томар бояумен, кейде орыстардан сатып алынатын бояулармен бояйды. Тоқыған кезде қой жүнін өте аз қосады. Қой жүнінен, жалпы, жіптер жасайды. Қой жүнінен арқан жасау тек оңтүстік далалардың қазақтарында ғана, көбінесе Шу өзені бойымен, Ташкенттің жанындағыларда кездеседі. Қой жүнінің бағасына келетін болсақ, 100 қойдың жүні 5 сом күміс теңге тұрады. 1 аршын қарапайым киіз көбінесе 30–40 тиыннан аспайды (күміс ақша бойынша). Түрлі-түсті боялған әдемі тондар сапасы мен сәніне қарай әртекті бағаланады.

4. ТЕРІ. Қой, қозы терілерін әуелі кептіреді. Содан кейін айран, сары су, ұн салынған сұйықтыққа 6 күндей орап салып қояды. Қылшықтар оңай түсетін болған кезде тері дайын болды деп саналады. Терілер алынып, тазаланып, қайта кептіріледі. Содан кейін тұтқасы бар темір аспаппен теріні ақырын уқалайды. Кейін қозы терілерін ақырын қайырады. Бұл терілерден тон тігіледі. Кішкене терілер (қозылардікі) көптеп дайындалып, орыстарға сатылады. Үлкен терілер мұндай дайындықтан өтпейді.

Қой терілерінің бағасы. Ірі қойлардың терісінің бағасы 40 тиын күміс тұрады. Бір, екі жасар қойдың терісі 30 тиын күміс, 6 айлық қозы терісі 20 тиын күміс шамасында.

Сөз соңында қойдың бүкіл дала бойынша орташа бағасын айта кеткім келеді. Семей мен Верный арасындағы далада ірі құйрықты саулық қой 3 күміс сом (рубль), 3–4 жасар саулық 2 сом, бір жасар тоқты 1 сом тұрады» [11, 136–143-б.].

Қойдан соң ешкі туралы сөз болады. Қазақ даласында ешкінің бір-ақ түрі өсірілетіні айтылады. Ешкінің жынысына, жасына байланысты атауларын келтіріп болған соң ғалым қой мен ешкі бірге жайылатындықтан, иесі санағанда «қой-ешкі» деген тіркесті қолданатындығын, яғни «соншама қой-ешкі бар» дейтінін сөз етеді. «Бұдан басқа бұл жануарға қатысты қосарым жоқ. Себебі көп жағдайда ешкінің жайы қойға ұқсас. Қой мен ешкінің байлануы, сауылуы бірдей. Тіпті сауылған сүттері де бір шелекке құйылады. Қой еті ешкінікінен жақсырақ, сол себепті қонаққа ешкі сойылса, не сыйламаушылық, не сарңдық саналады» дейді. Ешкінің терісіне қатысты біраз жайларды айтады: «Ешкі терісінің дайындалуы қойдікіндей. Дегенмен ешкі терісі сирек қолданылады. Алайда қазақ жалпы ешкі тонды (ішік) ұнатады. Ешкі терісінен көбінесе ЖАРҒАҚ жасалады. Жасалуы былай:

тері кепкен соң өткір пышақпен қылдарын алып тастайды да МАЛМА деп аталатын қандыратын сұйықтыққа бірнеше күнге салып қояды. Кейін тұздалған сүтке салады. Осылай үш күндей қалдырады. Тері осы үш күн ішінде, қазақтарша айтсақ, «сүтке тояды» (сүтті сіңіреді). Теріні алып, кептіріп, жұмсарғанша қой терісін уқалағандай уқалайды. Бұл теріден кең әрі ұзын шалбар тігіледі. Шалбар – қазақтардың атқа мінгенде киетін киімі. Сібірдегі орыс шаруалары бұл шалбарларды «шандара» дейді. Және оларды алыс жолға шыққанда, аса қатты аязда киеді. Шалбарды томар бояумен бояйды. Сары түс шалбарға қонымды жалғыз түс. Зер салып, шашақтап оюлармен көмкерілген өте шебер тігілген шалбарлардың құны өте жоғары. Олардың бағасы 25 сомға дейін жетеді. Мұндай шалбарларды қазақтар сирек тігеді. Көбіне Орта Азияда сатып алынады. Қарапайым жарғақ шалбарлар бір жарым-екі сом тұрады. Осындай шалбарлар орыс деревняларында көп сатылады» [11, 144-б.].

Үшінші кезекте сиыр малы туралы сөз болады: «Мен еш жерде мүйізді ірі қараның тұқымында айырмашылық көрмедім. Оңтүстік далаларда солтүстіктегі Ертіс жағасындағы далаларға қарағанда сиыр көп. Мұны табиғат жағдайымен түсіндіруге болады. Қазақ сиыры ірілігі мен қондылығы жағынан орташа, сүті көрші орыс сиыры – мөшкeden аздау, жұмсақ, қысқа жүнді, тармақ-тармақ ұзын мүйізді болып келеді. Сиырдың өсірілуі де қойдікіндей. Сиыр сүтінің аздығы себепті Сібір орыстарына сүт тағамдарын сату өте сирек. Еркегін бұқа, піштірілгенін өгіз, жаңа туғанда – бұзау деп атайды. Сиырдың төлдеу кезеңін «бұзаулайды» дейді. Сүт беретін сиыр бұзаулаған сиыр деп аталады. Бір жылдық бұзауы торпақ, екі жылдығы тайынша, үш жасары құнан, төрт жасары дөнен, бестегісі бесті делінеді. Еркегі тайынша кезінде кестіріледі. Сиырлар ірілі-уақты табындарда бағыла береді. 30–40 сиырға бір бұқа келеді. Бұқалыққа өте күйлі жас сиырдың бұзауы қалдырылады. Қазақтар сиырды көп ұстайды. Сиырлар жаз кезінде екі рет сауылады. Сауын уақыты 6 ай бойы, яғни күздің қара суығына дейін созылады. Сиыр күні бойы шамамен екі жарым ширек орыс шелегіне шамалас сүт береді. Қысыр сиырлар қыс кезінде тек көктемге дейінгі мерзімде ғана сауылады. Шөп көп салынып, жақсы күтілгенмен бұл сиырлар бір жарым не екі ширекке дейін ғана сүт береді... Ірі қараның бағасы жөніне келсек: жас бұзау – 1 сом, екі жасары – 3 сом, үш жасары – 5 сом, төрт жастағысы – 10 сом. Бұзаулы сиыр 12-ден 15 сомға дейін. Соғымға дайындалған ірі, семіз өгіз 17 сомға дейін барады. Индетті аурулардан немесе ерте көктемде кенеттен жауған қардан ірі қара көп-көп шығынға ұшыраған жылдары баға күрт жоғарылап кетеді. Мұны өз көзімнен көрдім. Сиырды 25 сомға алып жатады. Мүйізді ірі қарадан түсетін өнімдерді атап өтелік: 1. СҮТ. Ауқатты отбасыларда ғана сиыр сүті мен қой сүті бөлек сақталады. Кедейлер барлық сүтті қосып жібереді де қой сүтіндей тұтынады. Сиыр сүті ағаш шелектерге сауылған бойда тай қазандарға құйылып, қайнатылады. Піскен кезде бетіндегі кілегей қаймағын алып май шайқайды. Майды ерітіп, тұздап, ішектерге тығады. Айранды үлкен ағаш тостағандарға құйып, қаймақ қосып ішеді. Сонымен қатар айраннан әртүрлі тағамдар жасайды... 2. ЕТ пен МАЙ. Ересек ірі қарадан шамамен 12 пұттай ет пен 5–6 пұт май шығады. Май соғымнан кейін ерітіліп орыс, татар саудагерлеріне сатылады. Бұл сауда қыста басталады. Ауқаттылар сиыр етін жемейді. Кедейлердің жеуі де өте сирек құбылыс. Қазақтар «сиыр еті денсаулыққа зиянды, жүрек пен төс шеміршек астын ауыртады» деп санайды... 3. ТЕРІ. Сиыр терісі иленбейді. Сиыр терісінің бағасы шамамен үш сомдай болады» [11, 144–146-бб.].

Түйе малы туралы соңғы кезекте айтылады: «Солтүстік қазақтары оңтүстік қазақтарына қарағанда түйені әлдеқайда аз ұстайды. Жалпы қазақ атаулы түйені басқа малға қарағанда аз өсіреді. Байлардың өзінің 50 түйеден артық ұстауы сирек кездеседі. Кедейлерде 3–4 түйеден аспайды. Бір ауылдың түйелерін қосып, жинап өріске айдап жібереді... Айыр түйені барлық жерде өсіреді. Бір өркешті түйе сирек кездеседі. Бір өркешті түйе, мысалы моңғолдарда тіпті кездеспейді. Негізінен Орта Азияда кездеседі. Бұлардан басқа, екеуінің қоспасынан (буданынан) шыққан түйе өте күшті болып келеді. Бұл будан түйенің екі өркеші бір-біріне

өте жақын тұрады да бір өркеш секілді көрінеді. Жалпы түйе момын жануар. Оны оңай ұстап алуға болады және иесінің айтқанын екі етпей істейді. «Шөк-шөк» деген айқайына тізесін бүгеді, ал жүк ауып кетсе, өзі тоқтайды. Буралар тек жараған кезде ашулы болады да адамдар мен жануарларға шабады. Құтырған тағыға кім тап келсе сол құриды. Өйткені ондай жүйріктен құтылу күмәнді. Сондықтан түйелер қайыйтын кезде бураны шынжырмен тұсап тастайды. Түйелердің қаюуы мамырға дейін созылады. Жерге көк қаулап шыққаннан кейін буралар кестірген атандай салмақты қалыпқа түседі. Инген баласын бір жылдан аса көтереді және бес жасында туады. Жазда оларды үй жанында ұстап, күніне бес рет сауады. Айыр өркешті түйе сүтті нарға (жалғыз өркешті түйеге) қарағанда едәуір аз береді. Нар сауған сайын шелекті толтырып береді. Көлік ретінде түйені өте сирек мінеді және тек жақын жерлерге ғана мінеді. Әдетте түйеге ерсіз мінеді. Екі-үш адам мінгесіп жүре береді. Сонда үшінші адам артқы өркештің төменгі жағына отырып, өркештен ұстап отырады. Ұзақ жолдарға мінгенде ер салады. Ол кезде бел тартпа алдыңғы өркешті камтиды да айыл тартпа артқы өркешті орайды. Түйенің негізгі міндеті – жүк тасу. Түйеге жүк артар кезде өркештің екі жағын киізбен орап, екі жағынан таяқпен өркешті қысып байлайды. Оны ҚОМ деп атайды. Қомның үстіне жүкті қойып, қатты тартып тастайды. Жүктің екі жаққа тең бөлінуін қадағалап отыру керек. Түйенің өркеші өте жұмсақ болады. Егер өркеш зақымданатын болса түйе жарамайтын болып қалады. Жалпы түйе қазақ үй жануарларының ішіндегі ең нәзігі. Қыста оны қарлы жерге шөгермейді. Астына төсеніш төсейді. Сондай-ақ түйені қажытуға болмайды. Егер олар қалжырап жататын болса, сол жерде өледі. Түйе сол секілді шыбын-шіркейдің шаққанын да көтере алмайды. Мұндай жағдайда оның терісі қарашұбарланып өледі. Аруаналар 25–39 пұтқа дейін жүк көтере алады. Бір өркешті түйе 40 пұтқа дейін көтереді. Мұндай жүкпен бір күнде 25–30 шақырым жол жүруге әбден болады. Жүксіз бос түйе 50–60 шақырымға жүре алады. Жүгі бар кезде желдірмей аяндатып отыру керек. Үстіндегі жүк жіптің созылуынан босап кетуі мүмкін. Қазақтар түйені жоғары бағалап, киелі жануар санайды. Сонымен қатар түйенің еті «жанды айықтырады» дейді. Әдетте оны үйде бір ауыр жағдай болғанда ғана сояды. Жалпы етіні қасиеті көп. Бай адамдар оны құрбан айтта сояды. Жалпы етін тамақ ретінде онша қажет етпейді. Түйе 7–8 пұт май береді. Бұл май онша жағымды емес. Оны жемейді. Саудагерлерге сатады. Қазақтардың түйеден алатын бірден-бір өнімі жүн. Көктемде қалың жүні жалбырап түседі. Дегенмен, бұл кезде бір пұттан артық жүн бермейді. Жартысы өрісте түсіп қалады. Жүнінің бір пұты 4–5 сом тұрады. Түйе жүнінің ең жақсысы қабырға жүні, алдыңғы аяқ, сауыр, мойын жүндері (шуда). Оның жүні қысқы киімнің астары секілді өте жұқа тоқылады. Оны көбінесе иіреді. Түйе жүнінен иірілген жіп қазақтардың тігуге қолданатын бірден-бір жібі. Түйе жүнінен қазақтар мауыты тоқиды. Түйежүн мауыты мата өте төзімді болатындықтан оларды Россияға сатуға көп шығарады» [11, 152–154-бб.]. Сөз болып отырған мақаланың сол кезеңдегі әлемдегі ең беделді «Этнология журналында» жариялануының өзі оның айрықша жоғары мән-маңызын арттыра түседі. Көшпелі тұрмыс кешетін қазақ жұрты үшін малдың қаншалықты маңызды екендігін жақсы түсінген ғалымның ол туралы қаншалықты біліктілікпен жазып отырғандығы айқын байқалады. Нақты тарихи дәуірдегі қазақ тұрмысын сипаттауға арналған еңбектің этнолингвистикалық, этнографиялық тұрғылардан құндылығы дау тудырмайды. В.В. Радловтың аталмыш еңбегінде қазақ мал атауларына байланысты берілген сипаттамалардың жалпы нұсқасы қазіргі кезеңдегі этнографиялық еңбектердегі [13] сипаттамалармен негізінен сәйкес келетіндігін айту қажет.

«Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздікте қазақ тілі лексикасы құрамындағы қара мал атаулары мол қамтылған: А) **КОЙ**: *дӱнӱн кой*—четырёхлетний баран; *шалауыз* (сын): *шалауыз кой* – крупный и жирный баран; *ақтылы* (ақ+лы+лы) смешанный с белым цветом: *ақтылы кой* – стадо овец, в котором находится несколько белых овец; *айналыш* (айнал-шық) нижняя часть заднего прохода (т.е. конец прямой кишки и кожа вокруг заднего

прохода); **қой** (зат) овца, баран: *құнан қой* – овца по третьей весне; *дөнен қой* – овца по четвертой весне; *қой қоздайды* – «овцы ягнятся», так называется время от конца до середины апреля; **қозы** (зат) 1) годовалый ягненок; 2) ягненок; **қошақан** (зат) (қозы) маленький ягненок; **қошқар** (зат) баран; **отар** (от+ар) 1) пастбище; 2) отдаленное от аула пастбище: *малым отарда* – скот мой находится на пастбище от аула; **текә** (зат) козель: *ор текә* – сайгак; *текә каласы* – город Уральск; *құнан қой* – трехлетний ягненок; *mel козы* – такой ягненок; **тоқты** (зат) ягненок в конце первого года; **тұсақ** (зат) ягненок со второй весны (по рождению); **толарсақ** (зат) косточка на задних ногах скота (соединяющаяся с асықты жілік): *бір толарсақ, бір тобук санда полұр ңар-ңар!* – один толарсақ и одна коленная чашка находятся на ноге жар-жар! *Толарсақ ңеп өскөн* – он вырос в нужде; (так как толарсақ считается самым плохим куском и никогда не подается гостям); **қотан** (1)(зат) хлев для скота; 2) огороженное место вблизи аула, куда на ночь загонюет овец; **шалауыз** (сын): *шалауыз қой* – крупный и жирный баран; **сарық** (2) (зат) русская овца; **саулық** (зат) овца; **сек** (2) (зат) (ісек) баран по второму году; **жабаға** (зат) овечья шерсть, состриженная весной (очень грубая) *жабағының біті ащы, жаман кісінің сөзі ащы* – вши в жабаге так же кусают, как слова дурного человека. Ә) **ЕШКІ**: *ешкі* - коза, **ылақ** – лақ козленок, однолетняя козуля; **лақ** (зат) козленок; **лак** = **улак** (зат) козленок; **туша** (зат) коза со второй весны от рождения; **шыбыш** (зат) годовалый козленок; **серке** (зат) козленок по второму году; Б) **СИЫР**: *дөнөн өгүз* четырехлетний бык; *дөнөжүн сір* – четырехлетняя корова; **азбан** жеребец или бык, вылегченный только на пятом или шестом году; **өгіз** бык: *шешемде ала өгіз бар, соны әкеп берейін* – у моей матери есть пестрый бык, я его приведу; **қашар** (сын) (қаш+ар) *қашар сиыр* – двухлетний теленок; **қысыр сиыр** – яловая корова; **таиша** (зат) годовалый теленок; *құнан өгіз* – трехлетний теленок; *mel бузау* – такой теленок; **торнак** (1) (зат) двухлетний теленок; **тұ** (3) (сын) яловой, не рождающий: *тұ сір* – яловая корова; **сиыр** (зат) (сір) корова; В) **ТҮЙЕ**: **тұс** (3) (зат) верблюд одногорбого самца и двугорбый верблюдицы; такие бывает весьма сильными; **қисық төс** – помесь каспака (одногорбого) с двугорбым верблюдом; **айыр өркешті түйе** – верблюд с двумя горбами; **атан** холощенный верблюд: **атан түйе**; **інген** верблюдица, самка верблюда; **нар** (зат) одногорбый верблюд: *нар тұө*; *кара нар* – лучшая порода их; *кызыл нар* – дромедар небольшой, красного цвета; **лөк** (зат) одногорбный верблюд; **таілак** (зат) двухлетний верблюд; **қоспақ** (зат) верблюд от помеси одногорбого (нар) и двугорбого (түйе); **тұө** = **тө** = **тәбә** (зат) верблюд: *айыр тұө* – двугорбый верблюд; *нар тұө* – одногорбный верблюд; **тұс** (3) (зат) верблюд одногорбого самца и двугорбый верблюдицы; такие бывает весьма сильными; **дөнөншө** (сын) четырехлетний верблюд; **інген** верблюдица, самка верблюда; **таілак** (зат) двухлетний верблюд; **қоспақ** (зат) верблюд от помеси одногорбого (нар) и двугорбого (түйе); **шуда** (зат) длинная шерсть верблюдов; **шөгір** (1) (зат) (шөк+р): *күлге шөгір* – помес одногорбого верблюда с двугорбый самкою; **шөгір** (2) (ет) 1) заставить верблюда стать на колени; 2) случать верблюдов;) **жапрық** (сын): жапрық түйе – верблюд с лежащим горбом; **желмая** (сын) очень быстрый и большой одногорбый верблюд; **жетек** (зат) ведомая в поводу верблюд.

Радлов сөздігінде жиі ұшырасатын мал аурулары атаулары төмендегідей. Түйе аурулары: **ақ шелек** – болезнь верблюда; **оқыра шуда** – черви, заводящиеся под кожей у скота. Жылқы аурулары: **ақ бас** – болезнь лошадей; **оқыра** лишай на коне; **оңғай** = оңқа; опухоль на плечах лошади; **қолау** (сын) лошадь, захромавшая, измученная верховой ездой; **көттеу** (зат) болезнь лошади, **талау** (зат) опасная болезнь лошадей; **кара түйнөк** – болезнь у лошадей; **жамалдат** (зат) повальная болезнь, убивающая лошадей, при ней пухнет спина около шеи и около шеи и около хвоста; **жалқаяқ** (зат) мягкая опухоль; **жалақ** (2) (сын) 2) небольшое больное (стертое, набитое) место на спине лошади. Сиыр аурулары: **ақпас** (ақ+бас) болезнь телят (головная); **алөкпе** – повальная болезнь рогатого скота;

қарасан (зат) опасная, повальная болезнь коров; **қылау** (зат) болезнь телят; **нобала** (зат) глазная болезнь телят. Қой түлігінің аурулары: **алаң 2**) болезнь овец; **топалаң** (зат) болезнь овец. Ешкі ауруы: **кебенек** (зат) кака-я-то болезнь коз.

Қорытынды

В.В. Радлов жұмыстарындағы қара мал атауларының берілу ерекшеліктері бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- ғалымның «Опыт словаря тюркских наречий» атты сөздігі мен «Die Haustiere der Kirgisen» («қазақтардың малдары») атаулы көлемді мақаласында қазақ малдарына, соның ішінде қара малға қатысты атаулар лексикографиялық, этнолингвистикалық, этнологиялық тұрғылардан кешенді зерттелген;

- қазақ тілінің тарихи лексикасы құрамындағы төрт түлік мал атауларының өзгешеленуі – көшпелі елдің тұрмыс ерекшеліктерінен келіп шығатын заңды тарихи үдеріс болып табылады;

- «Die Haustiere der Kirgisen» еңбегі жалпытүркілік сөздікке қарағанда өзінің этнолингвистикалық, этнологиялық бағыт-бағдарымен ерекшеленеді;

- «Die Haustiere der Kirgisen» еңбегінде көшпелі халық тұрмыс-тіршілігінде зор рөл атқаратын мал бағу, соның ішінде қара мал бағу процесі жан-жақты ашылған;

- ғалымның «Опыт словаря тюркских наречий» атты жалпытүркілік сөздігінде қазақ тіліндегі қара мал атаулары мен оларға қатысты ауру атаулары мүмкіндігінше толық қамтылған.

- В.В.Радловтың «Die Haustiere der Kirgisen» атты еңбегінде қазақ мал атауларына байланысты берілген сипаттамалардың жалпы нұсқасы қазіргі кезеңдегі этнографиялық еңбектерде келтірілетін ғылыми сипаттамалармен сәйкес келеді.

Мақала AP19677715 «В.В. Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» гранттық қаржыландыру бойынша зерттеу шеңберінде жарияланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-ех томах, 8-ми книгах. – СПб., 1888-1911.
2. Radloff W. Die Haustiere der Kirgisen // Zeitschrift für Ethnologie. – 1871. Bd.III. – S. 285–313.
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – М., 1893. – Т.І, кн. 1. – 968 с.
4. Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Лексика кыргызского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2018. – №1 (74), ч.2. – С. 345–348.
5. Садыкова С.З., Мусаев С.Ж. Труд В.В. Радлова «Фонетика северных тюркских языков» и некоторые актуальные проблемы кыргызского языкознания // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017. – №10 (76), ч.2. – С. 151–155.
6. Құлманов С., Бүркітбай Г. В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – №1(72). – Б. 174–191.
7. Мамырбек Г. В. Радлов сөздігіндегі лексикографиялық параметрлер // «Қазақстандағы ұлттық жарнама тілін қалыптастыру және цифрландыру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – Б. 197–201.
8. Қисса үш қыз. Кіт.: Бабалар сөзі. 100 томдық, 5-том. – Астана: Фолиант, 2004. – Б. 253–293.
9. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2017. – 658 б.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 11-том. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.

11. Радлов В.В. Қазақтардың малдары. Кіт.: Малбақов М. Сөздік және сөзтаным мәселелері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2015. – Б. 134–154.
12. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб., 1911. – Т.IV, кн. 2. – 968 с.
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1–5 томдар. – Алматы: Әлем. Даму. Интеграция, 2017.

REFERENCES

1. Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskih narechiy. V 4-eh tomah, 8-mi knigah [Experience of a dictionary of Turkic dialects. In 4 volumes, 8 books]. – SPb., 1888-1911. [in Russian]
2. Radloff W. Die Haustiere der Kirgisen [The domestic animals of the Kirghiz] // Zeitschrift für Ethnologie. – 1871. Bd.III. – S. 285–313. [in Germany]
3. Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskih narechiy [Experience of a dictionary of Turkic dialects]. – M., 1893. – Т.I, кн. 1. – 968 с. [in Russian]
4. Musaev S.J., Sadykova S.Z. Leksika kyrgyzskogo iazyka v slovare V.V. Radlova «Opyt slovaria tiurkskih narechiy» [The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V.V. Radlov “The experience of the dictionary of Turkic dialects”] // [in Russian] Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2018. – №1 (74), ch.2. – С. 345–348.
5. Sadykova S.Z., Musaev S.J. Trud V.V. Radlova «Fonetika severnyh tiurkskih iazykov» i nekotorye aktualnye problemy kyrgyzskogo iazykoznanija [V.V. Radlov's work "Phonetics of the northern Turkic languages" and some actual problems of Kyrgyz linguistics] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2017. – №10 (76), ch.2. – С. 151–155. [in Russian]
6. Qulmanov S., Burkitbai G. V.V. Radlov sozdiginin leksikalıyq quramy: arab, parsy kirme sozderi jane olardyn qazirgi kezdegi termindenu uderisi [The lexical composition of V.V. Radlov's dictionary: Arabic, Persian input words and their current terminization process] // Abylai han atyndagy QazHQ jane ATU Habarshysy. «Filologia gylymdary» seriasy. – 2024. – №1(72). – B. 174–191. [in Kazakh]
7. Mamyrbek G. V. Radlov sozdigindegi leksikografialyq parametrler [Lexicographic parameters in V. Radlov's dictionary] // «Qazaqstandagy ulttyq jarnama tilin qalyptastyru jane cifrlandyru» atty halyqaralyq gylymi-teorialyq konferencia materialdary. – Almaty, 2023. – B. 197–201. [in Kazakh]
8. Qissa ush qyz [The story of three girls]. Kit.: Babalar sozi. 100 tomdyq. 5-tom. – Astana: Foliant, 2004. – B. 253–293. [in Kazakh]
9. Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: «Memlekettik tildi damytu instituty», 2017. – 658 b. [in Kazakh]
10. Qazaq adebi tilinin sozdigi. 11-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 11]. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
11. Radlov V.V. Qazaqtardyn maldary. Kit.: Malbaqov M. Sozdik jane soztanym maseleleri [Cattle of the Kazakhs. In: Malbakov M. Vocabulary and vocabulary problems]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2015. – B. 134–154. [in Kazakh]
12. Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskih narechiy [Experience of the dictionary of Turkic adverbs]. – SPb., 1911. – Т.IV, кн. 2. – 968 с. [in Russian]
13. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. 1–5 tomдар. – Almaty: Alem. Damu. Integracia, 2017. [in Kazakh]